

Укибаев Рустам Жуманбекулының 6D081100 – «Өсімдік қорғау және карантин» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайындағы шалқан пияздың негізгі зиянкестері мен аурулары және олардан қорғау шаралары» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұскаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: <u>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</u> 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	<i>Рустам Жуманбекулының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы, өмір және денсаулық туралы ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасын іске асыру шеңберінде Аға ғылыми қызметкерлер тобы (АҒҚТ) және Кіші ғылыми қызметкерлер тобы (КҒҚТ) үшін 2018-2020 жж. гранттар 11 бағдарламасы бойынша ғылыми-зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруға арналған №APP SSG-16/0894P-ГЧНС «Алғашқы отандық Ақ көбелек с.п. биопрепаратын қабыршақ қанатты зиянкестерге қарсы коммерциялау» жобасы аясында жүргізілген.</i>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған.</u>	<i>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал жұмыстың маңыздылығы диссертацияда жақсы ашылған. Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында шалқан пияздың негізгі зиянкестері мен ауруларының биозкологиялық ерекшеліктері, өсімдіктердің өсу үрдістерін ынталандырығыштар мен реттегіштердің шалқан пияздың зиянкестер мен ауруларға төзімділігіне және өнімділігіне әсерін зерттеген, шалқан пияздың аурулар мен зиянкестерге төзімді қазақстандық және шетелдік сорттары мен будандарын іріктеген. Эндофитті саңырауқұлақтардың шалқан</i>

			пияздың өнімділігі мен ауруларға төзімділігіне әсерін зерттеген, биологиялық препараттардың шалқан пияздың негізгі зиянкестері мен ауруларына әсерін зерттеген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертация жоғарғы деңгейде орындалған. Докторант зертханалық және өндірістік ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда барлық кезеңдерге тікелей өзі қатысып жасаған. Зерттеу нәтижелеріне толығымен талдау жүргізген және оқуға түсінікті тілде жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген . Қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарында шалқан пияздың негізгі зиянкестері (нематода, тамыр кенесі, пияз бізтұмсығы сымқұрттар, трипс, күйе көбелек, пияз шыбыны, ызылдақ шыбын) мен аурулар (жалған ақ ұнтақ (пероноспороз), мойын шірігі, альтернариоз, стемфилиоз, өскіндердің тамыр шірігі және т.б.) көбейіп, ауылшаруашылығы өнімдеріне зиян келтіруде. Биопрепараттардың тиімділігі жоғары препараттық түрлерін жасау олардың дамуы мен қолданылуын оңтайландыру энтомопатогенді микроорганизмдер. Қазақстанда өсімдіктерді қорғау практикасын кеңінен енгізу үшін қажетті шарттардың бірі болып табылады және экологиялық таза ауылшаруашылығы өнімін алуды қамтамасыз етеді. Ал бұл ұлт денсаулығы мен оның қауіпсіздігінің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды .
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Жұмыстың мақсатымен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді . Жұмыстың мақсаты Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында шалқан пияздың негізгі зиянкестері мен ауруларын зерттеу және олармен күресудің тиімді шараларын әзірлеп, өндіріске ұсыну. Жұмыстың міндеттері: 1. Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында шалқан пияздың негізгі зиянкестері мен ауруларының биологиялық ерекшеліктерін (түр құрамы, таралуы, дамуы және зияндылығы) зерттеу; 2. Өсімдіктердің өсу үрдістерін ынталандырғыштар мен реттегіштердің шалқан пияздың зиянкестер мен ауруларға төзімділігіне және өнімділігіне әсерін зерттеу; 3. Шалқан пияздың аурулар мен зиянкестерге төзімді қазақстандық және

			шетелдік сорттары мен будандарын іріктеу; 4.Эндифитті саңырауқұлақтардың шалқан пияздың өнімділігі мен ауруларға төзімділігіне әсерін зерттеу; 5.Биологиялық препараттардың шалқан пияздың негізгі зиянкестері мен ауруларына әсерін зерттеу; 6.Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында шалқан пиязды негізгі аурулар мен зиянкестерден қорғау тәсілдерін әзірлеу. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері орнықты қойылған және жұмыстың сапалы орындалуында маңызы бар.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан толық байланысқан. Барлық бөлімдері бір-бірімен тығыз байланысқан, зертханалық және егістік жағдайда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі рет-ретімен баяндалып, қортындыланған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) қазіргі уақытқа дейінге жүргізілген зерттеулермен салыстырылып, сыни талдау жасалып, зерттелген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми деректер мен диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер және ережелер ішінара жаңа (75%) болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Автор ғылыми әдебиеттер саралай келе дәлелді, нақты қорытындылар жасаған. Диссертациялық жұмыстың әр бөлімінде келтірілген қорытындылар жаңа және дәйекті болып табылады, олардың жаңалығы жарық көрген мақалалармен дәлелденеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген болып табылады.


		1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертациялық жұмыстағы барлық қорытындылар ғылыми тәжірибелер нәтижелеріне сүйене отырып, кейбір ғылыми деректерге сүйеніп, отандық және шетелдік әріптестердің қағидаттарымен салыстыра отырып, қорытындыланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің	7.1 Қорғауға шығарылған барлық қағидаттар толық дәлелденген. 7.2 Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған барлық қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Ғылыми жаңалығы Қазақстанның оңтүстік шығысында пияз зиянкестері мен ауруларына қарсы әдістер жасалып өндіріске енгізілуі. 7.4 Диссертация жұмыс аясында алынған нәтижелер кеңінен қолданылған. 7.5 Алынған нәтижелердің бәрі мақалаларда толық дәлелденген.

		дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік кагидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ. 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ. 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз.</u>	Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қолданылған әдістемелер дұрыс таңдалып алынған және әдіснама нақты жазылған. Зерттеу әдістерінің дұрыс таңдалынып алуы көздеген мақсатқа жетуде ықпалы зор болып отыр. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Алынған деректер статистикалық өңдеуден өткен. Зерттеуде айқындалған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Көптеген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Әдебиеттер тізіміне отандық және шетелдік ғалымдардың 124 басылымы кіреді. Докторант қолданған барлық жарияланымдарда маңызды ғылыми мәліметтер бар екенін көрсетеді, сондықтан пайдаланылған әдебиеттер тізімі диссертацияны толық талдау үшін <u>жеткілікті.</u>
9	Практикалық құндылық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	1) Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар,

	қағидаты	1) бар; 2) жоқ.	сондықтан оны жоғары оқу орындары мен колледждерде қолдануға болады. Автордың зерттеу нәтижелері өсімдік қорғау және карантин мамандығы бойынша кейінгі ғылыми зерттеулерде қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Бұл диссертация өндіріс үшін маңызды тәжірибелік жағынан өте құнды болып табылады. Докторанттың нәтижелерін өсімдік шаруашылығында, яғни өсімдік қорғауда қолдану ықтималдығы күмән тудырмайды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).	Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа болып табылады. Өйткені автор ұсынып отырған биологиялық тәсілмен қорғау шараларын ұйымдастыру қазіргі таңда оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында пияз зиянкестерінің санын төмендетуде оң нәтижелер береді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияны ұсыну стилі айқын, жұмыс логикалық тұрғыда түсінікті баяндалған. Рәсімдеу, құрылымы мен мазмұны бойынша диссертациялық жұмыс үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның мазмұны жағынан келесі ескертулер мен ұсыныстар бар: 1. Диссертациялық жұмыста аздаған грамматикалық, орфографиялық қателіктер кездеседі. 2. Зерттеулер жүргізілген жылдары ауа райы көрсеткіштерінің пияз ауруларының дамуы мен таралуына әсерін диаграмма, график түрлерінде келтірілсе диссертацияның мәтіні көркемдеу болар еді. 3. Зерттеу нәтижелері бөлімінде пияз тұқымдарын зертхана жағдайында өңдеу тәсілі нақты берілген екен. Меніңше бұл тексті әдістеме бөлімінде берген жөн. Алайда бұл ескертулер диссертациялық жұмыстың мазмұнын еш кемітпейді. Олар диссертацияның логикасы мен әдіснамасына, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығына, сондай-ақ қорғауға алынған тұжырымдарға қатысты емес және ұсынымдық сипат болып табылады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар		Докторанттың диссертация бойынша жазылған мақалаларының ғылыми деңгейі зерттеу тақырыбы бойынша сәйкес келеді.

	сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайындағы шалқан тияздың негізгі зиянкестері мен аурулары және олардан қорғау шаралары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай келеді және автор Укибаев Рустам Жуманбекулына 6D081100 – «Өсімдік қорғау және карантин» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
«С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық
зерттеу университеті» КеАҚ
«Биология, өсімдік қорғау
және карантин» кафедрасының
қауымдастырылған профессор м.а., PhD
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)


(қолы)

Есенбекова Гулзат Түйешиевна
(Аты-жөні)

